

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата - ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 51 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 90 қаулысы

Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 51 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27659 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1, 2 қосымшалар осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "08" сәуірдегі
№ 90 қаулысына
1 қосымша
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2022 жылғы "12" сәуірдегі
№ 51 қаулысына
1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары	10,5 сағаттық болу режимі бар туберкулез интоксикациясы бар балалар топтары
Ауыл	26 052	70 625	129 884	107 093
Қала	23 463	62 775	113 530	94 009

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2025 жылғы "08" сәуірдегі
№ 90 қаулысына
2 қосымша
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2022 жылғы "12" сәуірдегі
№ 51 қаулысына
2 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді мекеннің атауы	Тәрбиеленушілер саны	Бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір күнге ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге)
Ақтау қаласы	20 240	754,60	847,04
Жаңаөзен қаласы	8 757	663,3	806,05
Бейнеу ауданы	2 917	722,78	847,78
Қаракия ауданы	2 027	833,69	990,90
Маңғыстау ауданы	2 245	688,92	868,92
Мұнайлы ауданы	10 185	715,40	855,95
Түпқараған ауданы	3 144	722,78	847,78

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК